

**ШЖҚ КМК «№6 Атырау қалалық емханасы» жиналыс отырысы
хаттамасы №33**

Атырау қаласы

12.08.2026ж

Тақырыбы: «Мекемеде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру»

Құрметті төраға, құрметті әріптестер мен жиынға қатысушылар!

Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлықпен күрес – мемлекеттік саясаттың ең басты басымдықтарының бірі. Мемлекет басшысы атап өткендей, сыбайлас жемқорлық – қоғамның тұрақтылығына, қауіпсіздігіне және еліміздің экономикалық дамуына нұқсан келтіретін қауіпті құбылыс. Онымен күресу – тек құқық қорғау органдарының ғана емес, әрбір азаматтың, әрбір мекеме қызметкерінің міндеті.

Біздің «№ 6 Атырау қалалық емханасының» өз қызметінде ашықтық, әділдік және заңдылық принциптерін басшылыққа алады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, біздің ұжымда жемқорлық тәуекелдерін жою бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді.

Осы бағытта атқарылып жатқан негізгі шараларға тоқталсам:

Ішкі талдау және бақылау: Мекемедегі қаржылық есептер, мемлекеттік сатып алу процедуралары және кадрлық шешімдер қабылдау процесі толықтай ашық жүргізіледі. Бұл бағыттарда жемқорлық тәуекелдеріне тұрақты түрде ішкі талдау жасалады.

Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары: Қызметкерлер арасында заңнама талаптарын түсіндіру, Әдеп кодексін сақтау бойынша семинарлар мен құқықтық оқыту сағаттары ұйымдастырылуда. Әрбір қызметкер лауазымдық міндеттерін атқару кезінде мүдделер қақтығысына жол бермеуі тиіс.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет: Біздің мақсатымыз – тек жазалау емес, жемқорлыққа қарсы «мүлдем төзбеушілік» (нулевая терпимость) психологиясын қалыптастыру. Кез келген заң бұзушылық белгілері анықталған жағдайда, жедел шаралар қолданылады.

Нормативтік-құқықтық базаны сақтау: Мекемеде қабылданатын әрбір бұйрық, жасалатын әрбір келісімшарт және мемлекеттік сатып алу процедуралары міндетті түрде заңгерлік сараптамадан өтеді. Бұл құжаттарда жемқорлыққа жол беретін шикіліктер мен жасырын тәуекелдердің болмауын қатаң қадағалаймыз.

Сыйлықтар алуға салынған тыйым: Заңнамаға сәйкес, лауазымдық міндеттерін атқаруына байланысты қызметкерлерге қандай да бір сыйлықтар, көрсетілетін қызметтер немесе жеңілдіктер алуға үзілді-кесілді тыйым салынады. Кез келген құнына қарамастан сыйлық алу — заң бұзушылық

болып табылады және арты қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке әкеп соғады.

Құрметті әріптестер!

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – ең алдымен әрқайсымыздың ішкі мәдениетіміз бен жауапкершілігімізден басталады. Мекемеміздің беделі мен халықтың бізге деген сенімі әр қызметкердің адал жұмысына байланысты. Саналы тәртіп, заңға бағыну және өз міндетіне адалдық қана бізді үлкен жетістіктерге жеткізеді.

Осы орайда барлық бөлім басшылары мен қызметкерлерді өз жұмыс орындарында ашықтықты қамтамасыз етуге, заң талаптарын қатаң сақтауға және жемқорлық көріністеріне бірлесе қарсы тұруға шақырамын.

Комплаенс офицер Туралиева Б.А.